



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: /7172/ 55-66-31, факс: 55-72-94

№  
8.11.2023 № 4 ге

**Астана қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының  
бірлескен отырысының қаулысы**

Астана қ.

2023 жылғы 8 қараша

**Жасөспірімдердің суицидтік  
мінез-құлқының алдын алу**

Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпаратты тыңдап және талқылап, төмендегілерді атап өтеді.

Кәмелетке толмағандардың суицидтік әрекеттерінің мониторингін медициналық ұйымдардың, ювеналды полицияның, Астана қаласы Полиция департаментінің Жедел басқару орталығының, Астана қаласы білім басқармасының деректері бойынша Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ МКК жүргізеді.

2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша Астана қаласында кәмелетке толмағандар арасында 83 суицидтік белсенділік жағдайы тіркелген, бұл 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12 жағдайға артық (71 жағдай); оның ішінде: аяқталмаған әрекеттер - 63, 15-17 жас аралығындағы өлім-жітім - 3 жағдай.

Кәмелетке толмағандардың суицидтік белсенділігі себептерінің ішінде бірінші кезекте отбасындағы жанжал – 32 жағдай (38,6%), құрдастарымен, достарымен жанжал - 9 жағдай (10,8 %), суицид әрекетін жоққа шығару - 15 жағдай (18,1 %), себебі анықталмаған - 4 жағдай (4,6 %), психикалық бұзылыс – 8 жағдай (9,6 %), депрессия – 8 жағдай (9,6%), басқалары – 7 жағдай (5,8%).

2023 жылдың 9 айында шұғыл психологиялық көмек кабинеттеріне 168 адам жүгінген (2022 жылдың ұқсас кезеңінде - 183 жүгіну). Қалалық психикалық денсаулық орталығының дағдарыс телефонына 442 қоңырау түскен (2022 жылдың ұқсас кезеңінде дағдарыс телефонына 412 қоңырау түскен). Қоңырау шалу себептері: жеке проблемалар – 180 (40,7%), отбасындағы проблемалар – 108 (24,4%), жанжалды жағдайлар – 25 (5,6%), суицидтік ниет – 3 (0,7%), жалғыздыққа шағымдар - 13 (2,9%), денсаулыққа шағымдар - 49 (11,1%).

Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу мақсатында қалада 23 жастар денсаулық орталығы жұмыс істейді, онда салауатты өмір

салтының негізгі аспектілері бойынша дағдыларды қалыптастыруға, жасөспірімдер мен жастарға консультациялық, емдік-профилактикалық көмек көрсетуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

«Салауатты өмір салты» әлеуметтік жобасы аясында балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алуға бағытталған іс-шаралар жүргізілуде. Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылармен жұмыс жүргізуге бағытталған «Психологиялық сүйемелдеу қызметі» жобасы 2021 жылғы желтоқсаннан бастап жүзеге асырылып келеді.

Финляндиядағы Турку университеті Медицина факультетінің Балалар психиатриясын зерттеу орталығымен ынтымақтастық бойынша ұйымдастырушылық жұмыстар басталды.

Жекелеген мектептер базасында балаларға да, ата-аналарға да тегін консультациялық психологиялық көмек көрсету орталықтарын ашу бойынша ұсынысқа бастамашылық жасалды. Суицидтік оқиғалардың мән-жайларын зерделеу бойынша мониторинг барысында суицидке әрекет жасаған балалардың ата-аналарының психологиялық диагностикадан бас тартуына байланысты тестілеуден өтпегені анықталды, осылайша, мұндай жағдайларда психологтың диагностика көмегімен балалардағы суицидтік тәуекелдерді уақтылы анықтауға мүмкіндігі болмаған.

Сонымен қатар, уәкілетті орган суицидтік мінез-құлқтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеген, алайда ол мәслихат депутаттарымен келісілмеген.

Қалада балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алуға жауапты бірыңғай мемлекеттік орган жоқ.

Балалар мен жасөспірімдерде суицидтің себептеріне тиісті деңгейде талдау және мониторинг жүргізілмейді. Жалақының төмен болуына байланысты суицидологтардың, психологтардың бір жұмыс орнында тұрақтамауы байқалады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Астана қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне (**Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары**):

«Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына психологиялық-диагностикалық іс-шараларға ата-ананың/занды өкілдің міндетті қатысуын алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізу қажеттігін қарастыру;

Астана қаласында әкімдіктің суицидтің алдын алу іс-шараларына жауапты құрылымдық бөлімшесін белгілеу;

Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес емханаларда суицидтік тәуекелдерді анықтау үшін 11-12

жастан бастап кәмелетке толмағандардың психологиялық денсаулығының міндетті жыл сайынғы скринингін жүзеге асыру;

қаланың барлық емханаларында Қазақстан Республикасының халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартында белгіленген жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқы кезінде психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібінің сақталуы бойынша бақылауды күшейту;

суицидологтар штатын кеңейту, мектептерде сенсорлық бөлме (психологиялық жеңілдену кабинеті) ашуды көздеу;

жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу бойынша жобаларды қала мектептерінде енгізу мәніне талдау жасау;

балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен әл-ауқатын қамтамасыз ету шаралары бойынша сынып жетекшілері, әлеуметтік педагогтар, педагог-психологтар үшін біліктілікті арттыру курстарын және курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру;

балалар мен жасөспірімдер спортын кеңінен дамыту, мектеп спорт лигаларын құру және мектеп спорт клубтары арасында дене шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жөнінде шаралар қабылдау;

өз-өзіне қол жұмсау тәсілдері мен суицидке шақыру туралы ақпарат тарататын, сондай-ақ зорлық-зомбылық пен өзге де деструктивті мінез-құлықты насихаттайтын сайттарды анықтау және оларды одан әрі бұғаттау мақсатында «Интернет» желісіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу;

балалардың құқықтарын зорлық-зомбылықтан, буллингтен және қатыгездіктен қорғау, кәмелетке толмағандардың деструктивті және суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша ақпараттық роликтер шығару бойынша жұмыс жүргізу;

полиция қызметкерлерін суицид жасаушылармен туындаған төтенше жағдайлардағы іс-әрекет ережелеріне оқытуды ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру;

Астана қаласы мәслихаты депутаттарының қатысуымен «Балалар қауіпсіздігінің жол картасы» бағдарламасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру;

Астана қаласы мәслихатының депутаттарын мектептердің мониторингтік тобының құрамына енгізу ұсынылсын.

### 3. «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ:

қаланың барлық мектептерінде балалардың психикалық сипаттағы денсаулық проблемаларын анықтау бойынша тестілеу өткізу;

депутаттық корпус үшін елорда аудандарындағы Психикалық кеңес беру қызметтерін аралауды ұйымдастыру;

ағымдағы жылғы 28 қарашада балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының таныстырылымын өткізу;

психологиялық қызметтің құқықтық және материалдық мәртебесін арттыру, сондай-ақ эмоционалдық шаршауды азайту үшін арт-психологияны, арт-педагогиканы, арт-терапияны қолдану бойынша ұсыныстар енгізу;

тығыз байланыс орнату және өзара әрекеттесу үшін сабақтан тыс уақытта ата-аналармен және балалармен бірлескен іс-шаралар өткізу ұсынылсын.

4. «Астана қаласының Дін істері басқармасы» ММ-не Астана қаласының Діни басқармасымен бірлесіп, мешіттерде нашақорлық пен суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жастармен түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпарат қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде берілсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихатының  
заңдылық, құқық тәртібі және  
жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**А. Айтхожин**

**Астана қаласы мәслихатының  
бюджет, экономика, өнеркәсіп және  
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**К. Адамбеков**

**Астана қаласы мәслихатының  
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**А. Смағұлов**

**Астана қаласы мәслихатының  
құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының төрағасы**

**В. Сергеев**